



Бекітемін

Стратегиялық даму,
халықаралық ынтымақтастық
және цифрландыру жөніндегі
Басқарма мүшесі-проректор

 С. Аубакирова
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІ 2025 ЖЫЛЫ



**3R ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(ҚЫСҚАРТУ, ҚАЙТА ПАЙДАЛАНУ, ҚАЙТА ӨНДЕУ)**

«Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Павлодар

2025

1. Жалпы ережелер

Қалдықтарды басқару тұрақты даму мен экологиялық қауіпсіздіктің маңызды элементі болып табылады. «Торайғыров университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы қалдықтарды жинауға, сұрыптауға, қайта пайдалануға және қайта өңдеуге заманауи тәсілдерді енгізу, сондай-ақ университеттің білім алушылары мен қызметкерлері арасында экологиялық мәдениетті қалыптастыру арқылы олардың қоршаған ортаға теріс әсерін азайтуға ұмтылады.

Қалдықтарды басқару бағдарламасы **3R (Reduce, Reuse, Recycle)** халықаралық тұжырымдамасына негізделген және университеттің білім беру, ғылыми және әкімшілік-шаруашылық қызметіне тұрақты тұтыну және өндіріс принциптерін біріктіруге бағытталған.

2. 3R негізгі принциптері

Reduce (Қысқарту)

Ресурстарды ұтымды пайдалану, бір реттік өнімді тұтынуды қысқарту, электрондық құжат айналымын енгізу есебінен қалдықтар көлемін азайту.

Reuse (Қайта пайдалану)

Заттарды жөндеудің, жаңартудың және одан әрі қолдану үшін берудің арқасында қайта өңдеусіз қайта пайдалану.

Recycle (Қайта өңдеу)

Материалдарды шаруашылық айналымға қайтару және қоршаған ортаға жүктемені азайту мақсатында қалдықтарды бөлек жинауды және қайта өңдеуге беруді ұйымдастыру.

3. Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты

3R қағидаттарын енгізу, қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру және университеттің білім алушылары мен қызметкерлері арасында экологиялық жауапкершілікті қалыптастыру арқылы «Торайғыров университеті» КеАҚ экологиялық тұрақтылығын арттыру.

Бағдарламаның міндеттері

- университеттің барлық оқу ғимараттары мен жатақханаларында қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу;
- қалдықтарды жинауға, сұрыптауға және қайта өңдеуге беруге арналған инфрақұрылымды дамыту;
- білім алушылар мен қызметкерлердің экологиялық сауаттылық деңгейін арттыру;
- қалдықтарды тұрақты басқару принциптерін білім беру процесіне және ғылыми зерттеулерге интеграциялау;
- қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы мемлекеттік органдармен, кәсіпорындармен және экологиялық ұйымдармен ынтымақтастықты дамыту;
- бағдарлама іс-шараларының тиімділігіне мониторинг пен бағалауды ұйымдастыру.

4. Негізгі іс-шаралар

Білім беру қызметі

- қалдықтарды тұрақты дамыту және басқару бойынша білім беру модульдерін әзірлеу және енгізу;
- 3R қағидаттары бойынша дәрістер, семинарлар, тренингтер және экологиялық акциялар өткізу;
- университеттің білім алушылары мен қызметкерлері арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- жыл сайынғы экологиялық апталарды, конкурстар мен еріктілер іс-шараларын өткізу.

Қалдықтарды басқару жүйесін жетілдіру

- қалдықтармен жұмыс істеудің ағымдағы жүйесіне аудит жүргізу;
- оқу ғимараттарында, әкімшілік ғимараттарда және жатақханаларда қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу;
- қағаз, пластмасса, шыны, металл және басқа да қайталама шикізат түрлерін жинауға арналған контейнерлерді орнату;
- пайдаланылған батареяларды, аккумуляторларды және электрондық қалдықтарды қабылдау пункттерін ұйымдастыру;
- бір реттік бұйымдар мен қаптамаларды пайдалануды қысқарту жөніндегі шараларды енгізу;

Ғылыми-зерттеу қызметі

- қалдықтарды тұрақты басқару саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау;
- қалдықтарды қайта өңдеу және қайта пайдаланудың инновациялық технологияларын әзірлеу;
- экология және тұрақты даму мәселелері бойынша жарияланым белсенділігін ынталандыру;
- дөңгелек экономика және тұрақты даму мәселелері бойынша ұлттық және халықаралық жобаларға қатысу.

Сыртқы ынтымақтастық

- қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындарымен серіктестікті дамыту;
- экологиялық ұйымдармен және мемлекеттік органдармен ынтымақтастық;
- халықаралық экологиялық бастамалар мен тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысу.

5. Күтілетін нәтижелер

Бағдарламаны іске асыру қорытындысы бойынша жоспарлануда:

- университеттің барлық ғимараттары мен жатақханаларында қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізу;
- қайта өңдеуге жіберілетін қалдықтардың үлесін ұлғайту;
- білім алушылар мен қызметкерлердің экологиялық мәдениетін арттыру;
- тұрақты даму мәселелері бойынша ғылыми зерттеулер мен жарияланымдарды кеңейту;

- университеттің экологиялық жауапты білім беру ұйымы ретіндегі имиджін нығайту.

6. Бағдарламаның сәттілік критерийлері

- университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінде қалдықтарды бөлек жинау жүйесінің жұмыс істеуі;
- білім алушылар мен қызметкерлердің кемінде 50% экологиялық іс-шараларға қатысуы;
- өңдеуге жіберілетін қалдықтар көлемінің жыл сайынғы өсуі;
- тұрақты даму және экология мәселелері бойынша ғылыми жарияланымдар санын бағдарлама аяқталғанға дейін кемінде 50% - ға ұлғайту.

7. Бағдарламаны іске асыруға арналған ресурстар

Қаржы ресурстары

- қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер мен жабдықтарды сатып алу;
- білім беру, ғылыми және ағарту іс-шараларын қаржыландыру;
- қалдықтармен жұмыс істеу инфрақұрылымын дамыту және жаңғырту.

Кадрлық ресурстар

- профессор-оқытушылар құрамы;
- әкімшілік-шаруашылық бөлімшелерінің мамандары;
- ғылыми бөлімшелердің қызметкерлері;
- университеттің білім алушылары мен еріктілер бірлестіктері.

Техникалық ресурстар

- қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер;
- қайталама шикізатты уақытша сақтауға арналған жабдық;
- экологиялық көрсеткіштер мониторингінің ақпараттық жүйелері.

8. Бақылау және есеп беру тәртібі

- бағдарлама іс-шараларының орындалуына жыл сайынғы мониторинг;
- бағдарламаның іске асырылу барысы туралы жыл сайынғы есепті дайындау;
- университеттің Ғылыми кеңесінің отырыстарында бағдарламаны іске асыру нәтижелерін қарау.